

Хромтау ТКТЖК директоры

Мулдашева Б.К.

«16» маусым 2025ж

**«Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі» МКҚК
Мемлекеттік сатып алу бойынша**

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Хромтау қаласы

26.05.2025 жыл

Бюджет қаражатын жұмсау туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 01.07.2024 жылғы № 106-VIII Заңына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 2025 жылға арналған жылдық жоспары бекітілді, ол электрондық веб-порталда жарияланды.

Осыған байланысты, барлық мемлекеттік сатып алулар бекітілген жылдық жоспарға сәйкес іске асырылады. Мемлекеттік сатып алудың барлық әдістері, сондай-ақ конкурстық және аукциондық құжаттама, мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыру, мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаларға өтінімдерді ашу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу веб-порталында жүргізіледі.

Колледждің 2025 жылдың 1-тоқсанында бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес 135 сатып алу өткізілді, оның ішінде:

- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден - 31;
- ашық конкурс - 1;
- баға ұсыныстарын сұрату - 97;
- электрондық дүкен арқылы – 6

Барлық келісімшарттарға қол қойылды, қысқа мерзімді келісімшарттар орындалды, ұзақ мерзімді келісімшарттар (тауарлар, қызметтер, жұмыстар) 2025 жылдың соңына дейін орындалады. Жыл басынан бері өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарын бұзуының 1 фактісі анықталды. Сот талапкердің пайдасына шешім шығарды, сот шешімі 12.05.2025 жылдан бастап заңды күшіне енді. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізуге өтінім мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы уәкілетті органға 14.05.2025 жылы жіберілді.

Орындалған шарттар бойынша ақы төлеу қатаң түрде шарттың талаптары бойынша, яғни көрсетілген қызметтер/тауарды жеткізу және жұмыстарды орындау фактісі бойынша кемінде күнтізбелік 15, бірақ күнтізбелік 60 күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі. Барлық шарттар заңнамада белгіленген мерзімде жасалды. Шарттардың талаптарын Өнім берушілер көрсетілген мерзімде де қатаң орындайды.

Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді және жұмыстарды жеткізу мерзімдері кешіктірілген жағдайда біздің тарапымыздан мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы хабарлама жіберіледі. Жеткізушілерден жеткізудің әрбір бұзылған күні үшін шарт талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбы ұсталады және бюджет кірісіне аударылады. Тапсырыс беруші сондай-ақ шарттардың талаптарына қатаң сәйкес жеткізілген тауарлар, көрсетілген қызметтер және орындалған жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

Аталған бағыт бойынша Колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер



Тулегенов А.А.

Хромтау ТКТЖК директоры

Мулдашева Б.К.

«05» _____ 2025ж

**«Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі» МКҚК
қызметкерлері арасында жеке іс құжаттары мен
дипломдарының түпнұсқасын тексеру
жұмыстарын жүргізу бойынша**

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Хромтау қаласы

05.05.2025 жыл

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2024 жылғы 26 наурыздағы №01-03/858 хатының негізінде **колледжішілік бұйрық жасалып**, колледж қызметкерлерінің іс құжаттарын, соның ішінде дипломдарының түпнұсқасын тексеру қажеттілігіне байланысты төмендегідей құрамда комиссия тобы құрылды. Олар:

- Биржанов М.К. – директордың ОӨЖ жөніндегі орынбасары
- Успанова Ф.А. – директордың ОІЖ орынбасары
- Изтаева Г.А. – директордың АТ жөніндегі орынбасары
- Бақытжанова К.Қ. – кадр бөлімінің меңгерушісі

Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжінде қазіргі таңда барлығы 101 қызметкер бар. Оның ішінде 97 –сі – негізгі қызметкерлер болса, қалған 4-еуі - қоса атқарушылар.

Директордың бұйрығымен бекітілген комиссия құрамы 2025 жылдың 05 мамыр күні қызметкерлердің іс қағаздарын, оның ішінде дипломдарын тексеріп шықты.

Жүргізілген тексеріс барысында заң бұзушылықтар анықталған жоқ. «Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжінде» МКҚК 56 педагог бар. Оның 49 – жоғары білімді, 7 - арнаулы орта. Бүгінгі таңда 5 оқытушы жоғары оқу орнында білімдерін жалғастырып жатыр. Магистр дәрежесіндегі педагогтер саны – 10. Жеке іс қағаздарында барлығының да дипломдарының көшірмелері (қосымшасымен) бар.

Жұмыс тобы тексеріс барысында әкімшілік қызметкерлер мен оқытушылардың жеке істегі дипломдарын тексеріп, білім беру мекемелеріне дипломдарды растау үшін жіберілген сұраныс хаттар мен келіп түскен растау құжаттарын түгендеп шықты.

Сонымен қатар, жаңадан қабылданатын әкімшілік және педагог қызметкерлердің дипломдарын растайтын құжаттар бойынша күшейту жұмыстарын жүргізу назарға алынды.

Жалпы, 2024 -2025 оқу жылы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады.

Кадр бөлімінің меңгерушісі



Бақытжанова К.Қ.